



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

этой формы собственности они не смогли. Можно констатировать, что оптимальный стиль управления формируется в результате определенного набора деловых и личностных качеств и свойств руководителя. Он становится одним из важных критериев создания благоприятного климата коллектива, а также успешности выполнения задач организации и коллектива.

#### **Список использованных источников:**

1. Кузьмин А.Е. Современный менеджмент: Учебно-прикладное пособие. - Львов: Центр Европы, 2014. - 176 с.
2. Менеджмент (современный российский менеджмент): Учебник / Под ред. Ф.М. Русинова и М.А. Раз. - М.: ФБК-ПРЕСС, 2012. - 504 с.
3. Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента: Пер. с англ. - М.: «Дело» ЛТД, 2008. - 702 с.
4. Прокушев Е.Ф. Менеджмент первичного уровня. - М.: Издательский Дом «Дашков и К», 2014. - 320 с.
5. Системы поддержки принятия решений / В.Ф. Сытник, А.С. Олексюк В.М. Гужва и др. / Под ред. В.Ф. Сытник. - К.: Техника, 2011. - 162 с.

ӘОЖ314.15 (574)

### **ДЕМОГРАФИЯ ЖӘНЕ МИГРАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР**

**Нурлан Жайнар**

[jjayinaer12@gmail.com](mailto:jjayinaer12@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, магистрант, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.С. Жансеитова

Халықтың туылым мен өлім көрсеткіштерінің жақсы жаққа өзгеруіне, көші-қон мәселелерін шешуде мемлекет функциясының ролі зор. Демографиялық үрдістер адамның еркінен пайда болмайды. Мемлекет пен құқықтың өзара әрекет етуі өте күрделі үрдіс. Демографиялық үрдістерді жүйелі және жан-жақты талдау үшін мемлекеттік билік қажет. Мемлекеттің әлеуметтік және басқа да функцияларын атқаруда демография өте ауқымды фактор болып табылады. Қазіргі кезде мемлекет функциясы ішінде демография функциясы өте күрделі болып отыр. Себебі қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін жаңа, бұрынсоңды болмаған функциялар қалыптасуда.

Қазіргі жаһандану кезеңінде демографиялық мәселелердің дамуы көп ғалымдарды қызықтыруда. Демографиялық үрдістерді зерттеуші ғалымдар көбінесе оның тек экономикалық қырын зерттеумен айналысуда. Қазіргі кездегі демография ол үлкен ғылым. Ол қоғамның барлық жағын қамтиды. Соның ішінде статистикаға көп сүйенеді. Статистика болмаса, халықтың ұлттық, әлеуметтік және басқа да әр түрлі деңгейін зерттеу мүмкін емес. Егерде заң ғылымына келсек, онда демографиялық үрдістерге мемлекет пен құқықтың әсері теориялық тұрғыдан зерттелмеген. Осы күнге дейін демографиялық үрдіс әлеуметтік үрдістің бір бөлігі болып келді. Қазіргі дүниежүзі жаһандану кезеңін бастан кешіріп, экономикалық дағдарыстың тұғырында тұрған қоғам үшін, әлеуметтік үрдістерді оның ішінде демографиялық үрдістерді реттеуде мемлекет пен оның функциясының ролін күшейту талап етіліп отыр. Мемлекет тарапынан қабылданып жатқан әр түрлі демографиялық стратегияларды мемлекеттік саясаттың ең негізгісі деп біліп, оны жүзеге асыруға көшу керек. Нарықтық заманға көше бастағанда мемлекеттің ең негізгі экономикалық мақсаты еңбек өндірісін көтеру арқылы халықтың әл-ауқатын көтеру болған. Қазақстан Республикасы халқының тіршілігін жақсарту үшін экономиканы тұрақтандыру, бәсекелестікті дамыту, халықты жұмыспен қамтуды белгілейтін еңбек және ақша

нарықтарын жасауды көздеген. Жалақының көтерілуін қамтамасыз ету кедейшілікпен күресу және әлеуметтік қорғандық бірден- бір амалы ретінде көрсетілген. Бұл мәселелердің барлығы жүзеге асырылған жоқ.

Кез келген мемлекеттің демографиясы мемлекеттің ішіндегі, сол сияқты оның сыртындағы экономиканың дамуына саясатына және оның жұмысына әсер етеді. Демографиялық мықты мемлекеттер әрдайым және әр уақытта көрші мемлекеттердің, континенттердің және әлемнің тағдырына әсер етеді. Әлемнің ең көп адам шоғырланған мемлекеті Қытай өзінің халық саны есебінен қазіргі кездегі Қытай дәрежесіне жеткен. Себебі сандық фактор ерте ме, кеш пе сапалық факторға ауысады. Қазақстан өзінің аумақтық бүтіндігін және қауіпсіздігін сақтау үшін өзінің халық санын ішкі резервтер (туу көрсеткіштерін арттырып, өлім көрсеткіштерін азайту) есебінен, сол сияқты сыртқы резервтер (этникалық қазақтар) есебінен барынша арттыруы керек [1, 12 б].

Расымен де, Қазақстанның демографиялық саясаты қазіргі жағдайда туу көрсеткіштерін ынталандыруға, отбасыны нығайтуға, адамдардың материалдық әл-ауқатын жоғарылатуға, аурушандықты және өлімді төмендетуге бағытталуы керек. Алайда, халықтың миграциялық және демографиялық үдерістеріне әсер ету бойынша қабылданатын шаралар тез нәтижелер бермейді. Әдетте демографиялық саясат нәтижелері көптеген жылдардан және тіпті он жылдықтан кейін көріне бастайды. Сондықтан демографиялық саясат шараларын әзірлеу кешендік жүйелік әдістемені қажет етеді, себебі демографиялық үдерістер барлық әлеуметтік-экономикалық саясат әсерінен қалыптасады [2, 3 б].

Жоғарыда айтып кеткендей, Қытай өзінің сандық факторы есебінен сенімді әрі мықты саясатын жүргізіп келеді. Салыстыру ретінде төмендегі кестеде 2016 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қытайдың демографиялық көрсеткіштерін қарастыруымызға болады.

Кесте 1 – Қазақстан мен Қытайдың демографиялық көрсеткіштері, 2016 жыл

№	Көрсеткіштер	Қазақстан	Қытай
1	Туылған адамдар саны	399 458	17 175 472
2	Өлген адамдар саны	157 615	9 859 738
3	Адамдардың табиғи өсімі	241 843	7 315 733
4	Адамдардың миграциялық өсімі	33 407	41 254
5	Ерлер	8 667 334	708 435 914
6	Әйелдер	9 377 390	674 058 910

Кестеден көріп отырғандай, Қазақстанда Қытайға қарағанда әйелдер көбірек болып келеді, сонымен қатар Қытайдың халық санының өсімі негізінен туылған адамдардың, табиғи өсім арқасында екенін көруге болады. Сонымен қатар Қазақстанның да халық санын миграциялық өсім арқылы көбейту мүмкіндігі бар екенін көре аламыз.

Жоғарыдағы көрсеткіштерден Қазақстанның демографиялық саясаты Қытайдың демографиялық саясатынан елеулі өзгеше екенін және Қазақстан саясаты Қазақстанға миграцияны арттыруға, туу көрсеткіштерін өсіріп, өлімді төмендетуге бағытталғанын байқауға болады.

Қазақстандағы мемлекеттік демографиялық саясат негізінен Батыс Еуропаның демографиялық дағдарысты жеңу бойынша саясатын қайталайды. Оның негізі балалары бар аналарға жәрдемақы және жеңілдіктер түрінде материалдық көмек көрсету болып табылады. Бұл жәрдемақылардың мөлшері балаларды туу мен тәрбиелеуге нақты кететін шығындармен салыстыруға келмейді және отбасының қосымша бала туу немесе асырау шешіміне әсер етпейді [3, 15 б].

Қазақстандағы тұрғындар санын арттыру бойынша мемлекеттік демографиялық саясатпен қатар, мемлекетте біздің мемлекетіміздің халық санын қысқарту бойынша тиімді шетелдік саясаты жүргізіліп отыр. Тұрғындарды контрацепцияларды, аборттардың, зарарсыздандырудың таралу жолымен қысқарту бойынша шаралар да қазіргі мемлекет

қолдауға ие болады. Бұл шаралар Қазақстанның отбасыны жоспарлау саласындағы халықаралық міндеттеріне сәйкес жүргізіледі.

Заманауи Қазақстанда қазіргі кезде жиі әлеуметтік, демографиялық және отбасылық саясаттың шатысуы байқалады, бұл өсудің кемуін жеңу бойынша сауатты басқарушылық жүйені құру жолында үлкен кедергі келтіреді.

Отбасыны қолдауға, оның өмір сүру жағдайын жақсартуға және т.б. бағыттала отырып, отбасылық саясат демографиялық саясаттың мақсаттарына қол жеткізуге де жағдай жасауы мүмкін.

Орташа еуропалық шығындар деңгейімен салыстыратын болсақ, Қазақстанның отбасы жәрдемақысына кететін шығындары еуропалық мемлекеттерге қарағанда 8-10 есе төмен. Мысалы, бірқатар Скандинавия мемлекеттерінде (Дания, Финляндия, Швеция) отбасылық саясатқа жұмсалатын шығындар үлесі Еуропа одағына ең жоғары көрсеткішке жетті және ЖІӨ 4% асты [4, 6 б].

Онымен қоса, отбасылық және демографиялық саясатқа жұмсалатын шығындар тууды материалды қаржылық ынталандыру көлемдерімен шектелмей, сонымен қатар ақпараттық қолдау, білім беру, тұрғын үй және қала құрылысы саясаты, ұйымдастырушылық және ғылыми-зерттеу қамтамасыз ету, және де аталған саясаттың басқа сегменттері саласындағы бірқатар шараларды қамтамасыз етуді қамтуы керек.

Мысалы, Қытайдың жаһандық сыртқы экономикалық жақындаудың мемлекеттік стратегиясы жоғарыда айтылғандардан басқа, Қытай азаматтарының басқа мемлекеттерге эмиграциясын арттыруға бағытталған. Қазақстан бұрын қытайлықтар барғысы келетін мемлекеттер қатарына кірмейтін, ал соңғы жылдары жағдай қатты өзгерді. Қазақстанның ДСҰ кіргеннен кейін қытай сатушыларының Қазақстанға кіруі жеңілдеді, оларға отандық кәсіпкерлермен бірге тең құқық беріле бастады.

Сонымен қатар айта кету керек, Қытай 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірнеше жылдар бойы жұмыс істеп келген «Бір отбасы – бір бала» ұстанымынан бас тартты. Қытай 1970 жылдары мемлекеттің жер, су және энергетикалық ресурстары соншалықты көп адамға есептелмегенін анықтаған соң, заңнамалы түрде отбасы мүшесіне шектеу қоюға мәжбүр болды. Мысалы, жалпы ережеге сәйкес, екінші баласы бар қытайлық отбасы үлкен айыппұл – туылған өңірдегі алты орташа жылдық кірістен сегіз орташа жылдық кіріске дейін төлеуге мәжбүр болатын.

Жалпы «Бір отбасы – бір бала» тұжырымдамасының барлық өмір сүру кезеңінде қытайлық биліктер оған бірнеше өзгерістер енгізді, оны біршама жеңілдеткен болатын. Мысалы, берілген тұжырымдамадан бас тартпастан бұрын, бірқатар қалаларда әрбір ата-ана жалғыз болып табылатын отбасыларға екінші бала тууға рұқсат етілген болатын. Кейбір ауылды аймақтарда бірінші бала қыз бала болған отбасыларға екінші бала тууға рұқсат етілген болатын. Онымен қоса, екінші бала тууға заңды түрде рұқсаты бар отбасылар бірқатар бюрократиялық процедуралардан өтетін болатын.

Алайда уақыт өте келе бұл ұстаным Қытайдың дамуын тежей бастайды. Мысалы, біріншіден, бұл шаралар тұрғындардың қартаюына алып келді: қазіргі кезде 65 жастан асқан қытайлықтар саны мемлекеттің жалпы тұрғындар санынан 10%-нан көп. Ал ауылдық аймақтар тұрғындарына ҚХР зейнетақы төлей алмай жатыр. Онымен қоса, гендерлік теңсіздік пайда болды [5, 9 б].

Осының бәрі әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне қысымды арттырды. 2011 жылдан бастап Қытайда жұмыс күшінің саны қысқарды. Үлкен жастағы жұмыскерлердің басым болуы еңбек нарығын қажетті икемділікпен қамтамасыз етпейді. Осылайша, «бір бала» саясаты мемлекеттің экономикалық мүдделеріне және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеттеріне қайшы келді.

Егер жоғарыда айтылған Қазақстанға қытайлық миграцияны жалғастыратын болсақ, қытайлық миграция – Қазақстанның ұзақ мерзімді перспективада демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды аспектілерінің бірі екенін айтуға болады. ҚХР үлкен миграциялық әлеует шоғырланған, оны қазіргі нарықтық түрлену кезінде жүзеге асыру

тұрғындардың ішкі көші-қонымен ғана емес, сонымен қатар оның мемлекеттен тыс миграциялық ағынымен қосталады. Сонымен қатар қытайлық миграция ағынының өсуі Қытай мен Қазақстан арасындағы тауар айналымының өсіміне алып келеді.

Жалпы, көріп отырғандай демография мен мемлекет дамуының арасындағы байланысты байқауға болады. Мысалы, Қытай мемлекетіндегі жағдайды Үндістан, Индонезия, Бразилия, Мексика, Түркия сияқты мемлекеттерден байқауға болады. Бұл мемлекеттердің барлығы адами ресурстарға бай болып келеді.

Сонымен қатар, халық санының тез өсуі кей мемлекеттерге кері әсерін тигізіп жатады. Мәселен, Африка және Азия мемлекеттеріндегі бақылаусыз туу экономикаға, осылайша әлеуметтік жағдайға зиянын тигізуде. Бұл мемлекеттердегі бала туу көрсеткіштерінің тым жоғары болуы үлкен мәселеге айналды. Негізінен экономикасы нашар дамыған бұл мемлекеттерде жұмыссыздық мәселесі белең алып отыр.

Ал кейбір мемлекеттерде керісінше демографиялық тоқырау орын алуда. Әсіресе бұл жағдай дамыған батыс мемлекеттеріне тән болып келеді. Бұл мемлекеттерде туу көрсеткішінің төмен болуы салдарынан жұмыс күшіне деген мұқтаждық экономиканың дамуына сырттан мигранттарды шақыруға итермелейді. Ал бұл өз кезегінде қабылдаушы тарап тұрғындары мен тіпті саясаткерлері тарапынан наразылық тудырады. Олардың айтуынша, мигранттардың көп келуі елдің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, Еуропалық Одақта жалпы туылғандардың ішіндегі мигрант отбасыларынан туылған балалардың үлесі Ұлыбритания, Францияда – 11%, Испанияда – 13,8%, Австрияда – 15,2%, Люксембургте – 32,2%. Бұл жағдай Еуропаның және әлемнің көптеген дамыған елдерінде орын алып отыр. Осы елдердегі биліктер қиын таңдау алдында тұр: экономикаға ауадай қажетті мигранттардың ағымын тоқтату немесе жергілікті халықтың күннен-күнге өсіп келе жатқан наразылықтарын елемеу [6].

Көрсетілген мысалдардың ішінде бізге бақылаусыз бала туудың арту қаупі жоқ деп ойлаймын. Керісінше, болашақта қазіргі дамыған елдердің жағдайына келуіміз мүмкін. Яғни, экономиканың жұмыс істеуі үшін сырттан мигранттар шақыруға мәжбүр боламыз. Оның алдын алу үшін Қазақстанға жоғарыда көрсетілген мәселелерді ескере отырып, тиімді демографиялық саясатты іске асыру маңызды болып отыр. Сондықтан қазіргі таңда елде орын алып отырған жағымды демографиялық көрсеткіштерді сақтап қалуға және оны одан әрі жақсартуға барлық шараларды жасау қажет.

Осыған орай айта кету керек, 2017 жылдың 29 қыркүйегінде азақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 - 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 - 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Бұл тұжырымда келесі мәселелерді қарастырады:

- 1) шетелдік жұмыс күшін іріктеу мен қолданудың сараланған тетіктерін түзу;
- 2) ішкі көші-қонды дамыту мен халықтың ұтымды орын ауыстыруын қолдау;
- 3) шетелде тұратын этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасына қоныс аударуына жағдай жасау мен көшті ынталандыру, олардың бейімделіп, ықпалдасып кетуіне септесу;
- 4) заңсыз көші-қонға қарсы тұру.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардан көріп отырғандай бір мемлекеттер үшін халық санының тым көп болуы өзекті қауіп болып табылса, басқа мемлекеттер үшін халық санының жетіспеушілігі немесе өсудің кему қаупі күрделі мәселе болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ерімбетова Қ. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының қалыптасуы-Ұлт көшбасшысының қолтаңбасы/Қ. Ерімбетова // Алматы ақшамы, 2012.-20 қараша.
2. Келісханұлы А. Көші-қонға енгізілген өзгерістер қаншалықты нәтиже беруде?/А. Келісханұлы // Заң газеті , 2014.- 30 сәуір.

3. Тухтарова, Е. Взаимосвязь экономической модели развития и внешней трудовой миграции [Электронный ресурс] / Е. Тухтарова. - Электрон. текстовые дан. (940 Кб) // Проблемы теории и практики управления. - 2016. - № 3.
4. Отарбаева, А. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының құқықтық негізделуі [Текст] / А. Отарбаева // Әділ сот. - 2013. - № 1.
5. Турдиева, Т. А. Миграционные процессы в Республике Казахстан [] / Т. А. Турдиева // Экономика и право Казахстана. - 2010. - №8.
6. В Казахстане увеличился отток людей на ПМЖ в другие страны // <https://www.nur.kz/1131761-v-kazakhstane-uvelichilsya-ottok-lyudey-n.html>

УДК 658.114

## **СОВРЕМЕННОЕ УПРАВЛЕНИЕ РАЗВИТИЕМ ПРЕДПРИЯТИЯ НА ОСНОВЕ ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА**

**Нурмуқанов Данияр Нурланович**

[rkaugabaeva@bk.kz](mailto:rkaugabaeva@bk.kz)

магистрант, кафедра «Менеджмент и маркетинг» Казахского университета экономики,  
финансов и международной торговли, г.Астана  
Научный руководитель - Сатканова Р.Г.

Мировая политическая напряженность и экономический спад требуют инициирования прогрессивных мер, способствующих процветанию экономик стран, отраслей, предприятий, бизнеса. Современные экономические условия зависят от многих факторов, тем не менее следует рассматривать инновационный процесс как главный основополагающий фактор экономического развития и роста. Увеличение размеров экономики страны происходит за счет развития на основе факторов производства и развития на основе инвестиции, однако все больше зависит от модернизации экономики на основе инноваций. Данный подход является одной из фундаментальных идей, принятой в Казахстане стратегии инновационно-технологического развития Республики Казахстан до 2020 года. Стране необходимо обеспечивать поддержку инновационной деятельности, создавая условия для научных исследований и научных технологий.

Согласно экономической теории инновации классифицируются следующим образом: продуктовые, технологические и нетехнологические. Алинов М.Ш. описывает первые как «изменения в продукции», вторые как «изменения в средствах и методах производства и ассоциируется с понятием научно-технического прогресса» и третьи как «изменения в организационных формах хозяйственной деятельности, лежащих за пределами производства»[1]. В другой концепции утверждается, что «инновации – это совокупность технических, производственных и коммерческих мероприятий, приводящих к появлению на рынке новых и улучшенных промышленных процессов и оборудования»<sup>1</sup>. Таким образом особо выделяются три категории от которых зависит инновационный потенциал.

Опираясь на вышеприведенные мнения экспертов, можно сделать вывод что, экономисты имеют схожее мнение о приоритете инноваций и считают, что для улучшения экономических показателей деятельности компании следует внедрять инновационные меры: производить модернизацию производства, стремиться получить современный и высокотехнологичный продукт. Доказано, что научно-технический прогресс является фактором экономического роста, так как представляет из себя развитие науки и знаний, техники, исследований и информационных технологий, а также стремится создать лучшие по своим свойствам изделия и технологии чтобы нести экономическую прибыль и доходность и сократить расходы за счет введения автоматизирования и компьютеризации. В.Я. Горфинкель, А.И. Базилевич и Л.В. Бобков более детально описывают данный процесс, считают что технологичность можно внедрить за счет: «комплексной механизации и